



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ



БАЛАЛАРДЫҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
КОМИТЕТІ

# «QR-111»

## ТАҚТАЙШАЛАРЫНЫҢ

БІРЫҢҒАЙ ДИЗАЙНЫ МЕН  
ОРНАЛАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ  
БОЙЫНША

## ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР



Государственное учреждение «Отдел образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области»/Душина О.А.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ



БАЛАЛАРДЫҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
КОМИТЕТІ

# МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ЕДИНОМУ ДИЗАЙНУ И ПРАВИЛАМ РАЗМЕЩЕНИЯ ТАБЛИЧЕК «QR-111»

Государственное учреждение «Отдел  
по развитию и поддержке  
образования Акмолинской области» Атушина О.А.

«ӨРКЕН» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (14.04.2026 ж. №4 хаттама).

«QR-111» тақтайшаларының біріңғай дизайны мен орналастыру ережелері бойынша әдістемелік ұсынымдар – Алматы: «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты, 2026. – 68 б.

Бұл құрал отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі «111» байланыс орталығының ақпараттық қабырға тақтайшаларына арналған. «111» нөмірі — балалар мен қоғам арасындағы кедергілерді жою мақсатында құрылған тәулік бойы жұмыс істейтін жедел көмек қызметі. Басылымда мектептерде, колледждерде және орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде орналастыруға арналған тақтайшалардың дизайн-макеттері берілген. Негізгі идея – қолжетімді көмек туралы ақпаратты байқалатын, түсінікті және эмоционалды түрде қауіпсіз ету. Тақтайшалар ашық, мәнерлі визуалды стильде жасалған және оларда тек ең қажетті мәліметтер ғана қамтылған: телефон нөмірі, QR-код және қолдау сөздері. Жинақ дизайнерлер, баспаханалар және тақтайшаларды тарату мен орналастырумен айналысатын мамандар үшін практикалық нұсқаулық қызметін атқарады. Оның ішіне дайын макеттер, полиграфиялық материалдар және дайын өнімнің техникалық сипаттамалары енгізілген.

Рекомендовано Научно–методическим советом НАО «Национальный научно-практический институт благополучия детей «ӨРКЕН» (протокол №4 от 14.04. 2026 г.)

Методические рекомендации по единому дизайну и правилам размещения табличек «QR-111». – Алматы: Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен», 2026. – 68 с.

Методические рекомендации по единому дизайну и правилам размещения табличек «QR-111» посвящены информационным настенным табличкам Контакт-центра по вопросам семьи, защиты прав женщин и детей 111 – круглосуточной телефонной службы помощи, созданной для преодоления барьеров между детьми и обществом. Издание содержит дизайн-макеты табличек, предназначенных для размещения в учебных заведениях: школах, колледжах и учреждениях послесреднего образования. Ключевая идея – сделать информацию о доступной помощи заметной, понятной и эмоционально безопасной. Таблички выполнены в ярком, выразительном визуальном стиле и содержат только самое необходимое: номер телефона, QR-код и слова поддержки.

Сборник служит практическим руководством для дизайнеров, типографий и специалистов, занимающихся тиражированием и размещением табличек, и включает финальные макеты, полиграфические материалы и технические характеристики готовой продукции.

## КІРІСПЕ

Әрбір баланың үні естілуі, қалай бар солай қабылдануы мен қорғалуы, сондай-ақ ұдайы қолдау мен көмекке ие болуы – оның бұлжымас әрі заңды құқығы. Бұл ешқандай талқылауға жатпайтын ақиқат, өйткені дәл осы құндылықтар – дені сау, кемел қоғамның іргетасы.

Өкінішке қарай, қағаз жүзіндегі жарияланған құқықтар мен шынайы өмірдің ащы шындығы арасында жиі бөгеттер пайда болып жатады. Бала қаймыққан сәтте қайда барып, кімнен көмек сұрарын білмей дал болады немесе «мені ешкім түсінбейді, дұрыс ұқпайды, сыртқа теуіп, бетімді қайтарады» деп қорқады.

Осы бір қалыптасқан күрделі жағдайды түбегейлі өзгертіп, бала мен қоғам арасындағы кедергілерді жою мақсатында Отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі «ІІІ» байланыс орталығы құрылды. Бұл – ойда оңай жатталып, көкейде тез сақталатын қысқа нөмір. Тәулік бойы, аптасына 7 күн бойы үзіліссіз қызмет ететін сенім телефоны. Мұнда бала жанын ұғатын, тыңдай білетін және ести алатын жанашыр жандар еңбек етеді.

Бұл жинаққа «ІІІ» байланыс орталығының ақпараттық қабырға тақтайшаларына арнап әзірленген барлық дизайн-макеттер топтастырылған.

**Бұл тақтайшалар жалпы орта,** техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының көзге бірден шалынатын, жұрт ең көп жиналатын ашық аймақтарына орналастыруға арналған:

- Кіреберіс аймақтар мен кең холлдарға – А3 форматымен жасалған 2 тақтайша;
- Дәліздерге – А4 форматымен жасалған 7 тақтайша;
- Мәжіліс (акт) залдарына – А3 форматымен жасалған 1 тақтайша;
- Асханалар мен кітапханалардың маңайына – әрқайсысына А4 форматымен жасалған 1 тақтайшадан.
- Спорт залдарына – А3 форматымен жасалған 1 тақтайша.
- Дәретханаларға – А4 форматымен жасалған 1 тақтайша.

Киім ауыстыратын бөлмелерге – А4 форматымен жасалған 1 тақтайша.

Яғни, білім алушылардың ең көп уақыты өтетін барлық орындарға орналастыру керек.

**Бұл тақтайшаларды бейнебақылау камераларының көру аймағынан тыс** (камераға түспейтін) орындарға орналастырудың маңызы зор. Осылайша, әрбір бала өзінің қоңырау шалған немесе хабарлама жіберген сәті камера объективіне түсіп қалмайтынын біліп, өзін толықтай қауіпсіздікте сезінеді және бұл әрекетінің әбден құпия (конфиденциалды) қалатынына нық сенімді болады.

Бұл – қабырғадағы жарқын тақтайшаға көзі түскен әрбір жан еріксіз аялдап, ондағы: «Хабарлас! Жаз! Сен жалғыз емессің! Біз қасыңдамыз!» деген қысқа да нұсқа сөздерді оқитын орын. Осы сәтте оның көңіліне: «Маған міндетті түрде көмектеседі...» деген үміт оты ұялары сөзсіз.

Бұл тақтайшалардың ең басты міндеті – көмек туралы ақпаратты ешқандай астарлы мағынасыз немесе үрей тудыратын бейнелерсіз, анық, қолжетімді және түсінікті ету. Тек сонда ғана өзін жалғыз сезінген, айналасында не болып жатқанын түсінбей дал болған және онымен жалғыз өзі қалай күресуді білмейтін бала өз мәселесімен оңаша қалмайды. Бұл отбасында, мектепте немесе аулада өзін жаман сезінетін, я болмаса зорлық-зомбылықтың куәгері болған бала болуы мүмкін.

Оған көмектесе алатын адамды іздеп, бас қатырудың қажеті жоқ. Ол тек нөмірді көреді. Телефон камерасын QR-кодқа бағыттаса жеткілікті – қас қағым сәтте өзімен сөйлесіп, көмекті қалай алуға болатынын түсіндіріп беретін парақшаға өтеді.

Әзірленген тақтайшалардың түстері барынша қанық, қаріптері ірі әрі анық, ал белгілері өте түсінікті. Осының бәрі әрбір тақтайшаның алыстан менмұндалап тұруы, өтіп бара жатқан балалар мен ересектердің назарын еріксіз аударып, көз тоқтатуы үшін арнайы жасалған. Тақтайша адамды мазалаған ойларынан серпілтіп, мәтінге үңілуге мәжбүр ететіндей ерекше визуалды әсер қалдыруы тиіс. Тіпті, кездейсоқ көз түскен қас қағым сәттің өзінде бұл тақтайшалар шешуші рөл атқаруы мүмкін.

## **БАЛАРДЫҢ КӨЗІНЕ ТҮСЕТІНДЕЙ ТАҚТАЙШАЛАРҒА ҚАЛАЙ ЖАН БІТІРУГЕ БОЛАДЫ. ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР**

Мектеп қабырғасындағы тақтайша – бұл тек алғашқы қадам ғана. Ол іс жүзінде шынайы жұмыс істеп кетуі үшін балаға педагогтердің қолдауы қажет.

**Балалардың бұл қадамды ешқандай қорқынышсыз әрі жалтақтамай жасауына көмектесетін бірнеше ұсыныс:**

**1. Қоңырау шалудың қауіпсіз әрі құпия (конфиденциалды) екенін түсіндіріңіз.**

«Мені түсінбей қалса ше?» деген қорқыныш балаларды жиі іштей үнсіз қалуға мәжбүрлейді.

Оларға былай деп айтыңыз: «Телефонмен немесе чатта маманға айтқандарыңыздың бәрі – қатаң құпия. Ешкім сізді немесе ата-анаңызды ұрсып, жазғыруға келмейді. Бұл қоңырау – шағымдану емес, бұл тек басыңызға күн туғанда өзіңізді қорғаудың жолы».



**2. 111 қызметі туралы қысқаша айтып беріңіз.**

**2. Балалар тұтқаның арғы жағында кімнің тұрғанын түсінуі тиіс.** Қазақстандағы «111 қызметі» туралы және оның кез келген, тіпті ең қиын жағдайдан да жол табуға көмектесетін сенімді дос екенін айтып беріңіз.

**3. Ілінген тақтайшаның дәл қасына барып, ондағы QR-кодтың мүмкіндігін іс жүзінде сынап көріңіз**

Құрғақ сөзбен ғана шектелмей, мұның іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін өз көздерімен көрсетіңіз. Баланың жадында іс-әрекет әлдеқайда тереңірек жатталады. Осы қадамның қаншалықты оңай әрі қарапайым екеніне көз жеткізген сәтте, олардың бойындағы белгісіздік пен үрейдің сеңі сөгіліп, қорқыныш барьері біржола жойылады.

**4. Қажет кезде көмекке жүгінудің қалыпты нәрсе екенін ұқтырыңыз.**

Балаларға көмек сұрау – дәрменсіздіктің белгісі емес, керісінше, шынайы батылдық пен ерліктің көрінісі екенін ұғындырыңыз.

Оқушыларға былай деп айтыңыз: «Егер үйіңізде жаныңызға бататын жағдай болса, мектепте немесе аулада біреу сізді ренжітсе, я болмаса өмірден өз орныңызды таппай, жалғызсырап қалсаңыз – бұл қиындықпен жалғыз күресуге міндетті емессіз. Ересектер бұл қызметті сіздердің қауіпсіздіктеріңіз үшін арнайы құрған. Сондықтан кез келген уақытта еш тартынбастан хабарласып, хат жазуларыңызға болады».

Сіздің басты міндетіңіз – бала үшін осы көмекке жетелейтін сенімді алтын көпір болу. Жас өреннің санасында 111 нөмірі мен бұл QR-код «қиындықтар мен текетіретіңіз» емес, керісінше, қауіпсіздіктің, шынайы қолдау мен жан тыныштығының символы ретінде орнығуына ықпал етіңіз.

Жинақта макеттердің бірнеше нұсқасы ұсынылған: жиектері тегіс, тікбұрышты А4 форматындағы тақтайшалармен қатар, өзінің ерекше пішінімен бірден көзге түсіп, назар аудартатын фигуралы қиындылары бар үлгілер де бар. Әрбір макетті ультракүлгін (УФ) технологиясын қолдана отырып, органикалық шыныға (оргстекло), сондай-ақ картон мен пластикке басып шығаруға болады. Бұл әдіс бояулардың қанықтылығын сақтап, күнге оңып кетпеуін қамтамасыз етеді, соның арқасында мектептің күнделікті қызған қарбалас өмірінде де ұзақ уақыт бойы қызмет етеді. Сонымен қатар, тақтайшаларды қабырғаға орнату мүмкіндігі де қарастырылған және ол үшін қажетті барлық бекіткіш құрал-саймандар толықтай қамтылған.

Бұл жинақ – дизайнерлер мен баспахана мамандарына, макеттерді басып шығарумен және таратумен айналысатын кәсіби мамандарға, сондай-ақ оқу орындарына тақтайшаларды орналастыруды ұйымдастырушылар мен осы бір ауқымды, аса



маңызды әрі игі іске өз үлесін қосып жүрген барша жандарға арналған таптырмас жұмыс құралы. Осы жинаққа ең қажетті дүниелердің бәрі – дайын макеттерден бастап, полиграфиялық материалдар мен дайын өнімнің баспа-техникалық сипаттамаларына дейін мұқият топтастырылған.

Әрбір бала басына күн туған қиын сәтте кімнен және қайдан көмек сұрай алатынын анық білуі тиіс. Мектеп дәлізінің қабырғасындағы жарқыраған тақтайшаның алдында бір сәт аялдау – оның шынайы қолдау тауып, қауіпсіздік пен жан тыныштығына қауышуына және бәрі де жақсы болатынына кәміл сенуіне жол ашатын ең алғашқы сенімді қадамы...

## **ТАҚТАЙШАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР**

### **Органикалық шыныдан жасалған ақпараттық тақтайшалар**

Органикалық шыныдан жасалған ақпараттық тақтайшалар:  
A4/A3 форматы

Негізі: органикалық шыны (оргшыны).

Материал: акрилді оргшыны (ПММА / құймалы акрил).

Қалыңдығы: 3 мм (стандартты) / 5 мм (күшейтілген нұсқасы).

Бетінің түрі: мөлдір, сүттей ақ немесе түрлі түсті акрил.

Жиектерін өңдеу: фрезерлеу + қырларын айнадай жарқыратып жылтырату.

Ұсыныс: құймалы (cast) акрилді қолдану ұсынылады: ол сарғаймайды, сызаттарға төзімді келеді және экструзиялы акрилмен салыстырғанда лазермен кесуге әлдеқайда бейім.

Баспа – түсі мен сапасы

Басып шығару әдісі: тікелей акрилге ультракүлгінмен басып шығару (UV flatbed) немесе өздігінен жабысатын үлдірге (пленкаға) ішкі баспа әдісімен басып, кейіннен ламинациялап, акрилге жабыстыру.

Түсі: көп түсті кескіндер үшін 4+0 (CMYK); мөлдір акрилде мөлдір емес қабат тұзу үшін ақ бояумен (White ink) толықтыруға жол беріледі.

Баспа ажыратымдылығы (разрешение): Кемінде 720 dpi, мәтіндер мен ұсақ элементтер үшін 1440 dpi ұсынылады.

Макет ажыратымдылығы (файл): 1:1 масштабында 300 dpi (210 × 297 мм).

Түс профилі: CMYK, ISO Coated v2 (ECI) немесе Fogra39 профилі.

Жарықтығы мен қанықтығы: УК-баспа кезіндегі ашық, қанық

түстер. Мөлдір емес ақ фон үшін ақ түсті астарлық қабат (white underbase) міндетті түрде қажет: онсыз түстер ар жағынан көрініп (өткізіп) тұрады.

Қорғаныс қабаты: баспаның үстінен жағылатын УК-лак (күңгірт немесе жылтыр) – қажалудан және УК-сәулелерден оңып кетуден қорғайды.

Қию жиегі (вылет/bleed): әр жағынан 3 мм-ден; пішінді қиықтар үшін – кесу контурынан тыс 2 мм шығыңқылық.

Тапсырылатын файл форматы: PDF/X-4 немесе AI (Illustrator); қаріптер (шрифттер) қисық сызықтарға (в кривых) ауыстырылған; кескіндер файл ішіне ендірілген (встроены).

Әзірлеу нұсқалары

Қиындысыз (түзу нұсқасы): тікбұрышты А4 форматы.

Тік жиектер: 210×297 мм, фрезерленген қырлар. Стандартты қабырға тақтайшаларына, кестелер мен сызбаларға арналған.

Қиындысы бар – бедерлі пішін. Векторлық контур бойынша лазермен немесе фрезермен қию (кез келген пішін: дөңгеленген бұрыштар, фигуралы силуэт, нұсқағыш тілше, логотип). Бұрыштарды дөңгелетудің ең кіші радиусы – 3 мм.

Государственное учреждение «Отдел образования по городу Кокшетау управления образования Администрации города Кокшетау

## ҚАҢҚАЛЫ (ТЫҒЫЗ) КАРТОННАН/ҚАҒАЗДАН «ПІ» АҚПАРАТТЫҚ ТАҚТАЙШАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ

| Параметрі             | Талап                                                                                       |
|-----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қолданылатын материал | Түптеу картоны (қалыңдығы 1,5–2,0 мм) немесе тығыздығы 300 г/м <sup>2</sup> қағаз.          |
| Басып шығару          | Толық түсті (4+0), жоғары сапалы лазерлі немесе офсетті баспа.                              |
| Қаптама               | Картонға негізделіп желімделген (каширленген) борланған қағаз (150–170 г/м <sup>2</sup> ).  |
| Жабыны                | Күңгірт ламинация (шаңнан және оңып кетуден қорғайды).                                      |
| Форматы               | A4 (210×297 мм) немесе A3 (297×420 мм) — таңдау бойынша, тапсырыс беру кезінде нақтыланады. |
| Бұрыштары             | Тік немесе дөңгеленген бұрыштар (ұзақ мерзімділік үшін 5 мм радиуспен дөңгелету ұсынылады). |

### Қабырғаға бекіту жөніндегі нұсқаулық

Тақтайшалар тығыз картоннан/қағаздан жасалғандықтан, олар өте жеңіл. Төмендегі әдістердің бірін қолданыңыз:

Екі жақты жабысқақ скотч (ұсынылады):

Тақтайшаның артқы бетінің төрт бұрышына 4 жолақ және дәл ортасына 1 жолақ жабыстырыңыз.

Кеңселік жабысқақ масса (Blu-Task липучкалары):

Мастика бөліктерін қолмен илеп, бұрыштарына жабыстырыңыз.

Қабырғаны бүлдірмейді және тақтайшаның орнын оңай ауыстыруға мүмкіндік береді.

Бұрыштарынан тесіктер жасап, өздігінен бұрап тұратын шегелермен (саморездермен) бекітіңіз.

Маңызды: Скотчқа жабыстырмас бұрын, желімнің қабырғаға жақсырақ жағылуы (адгезия) үшін қабырғаның бетін шаңнан міндетті түрде сүртіп алыңыз.

## **ПЛАСТИКТЕН АҚПАРАТТЫҚ ТАҚТАЙШАЛАР ӘЗІРЛЕУ**

### **Қабырғаға ілінетін ақпараттық тақтайшалар**

Ақпараттық тақтайшалардың негізгі мақсаты — қажалуға (үйкеліске) өте төзімді, барынша қанық әрі анық кескін алу (балалар мекемесіне арналған бүлінуден қорғалған үлгіде) және оларды қауіпсіз түрде бекіту.

#### **1. Негізі және қолданылатын материалдар**

Көбікті ПВХ (пластик).

Пластиктің қалыңдығы 3 мм немесе 5 мм (ішкі үй-жайларға арналған тақтайшалар үшін ең таптырмас, оңтайлы таңдау: олар құс қауырсындай жеңіл, соған қарамастан еш майыспайды және көз тартарлық әдемі, беделді көрінеді).

Тікелей әрі таза тілініс (ешқандай жарықшақсыз, кетіксіз әрі мінсіз болуы өте маңызды). Жиектері аппақ, теп-тегіс әрі жұп-жұмыр.

#### **2. Қолдану әдісі мен мөрдiң сапасы**

Технологиясы

Пластик бетіне тікелей түсірілетін УФ-басып шығару (UV-печать) технологиясы.

Басып шығару ажыратымдылығы 1440 dpi-ден кем болмауы тиіс (ішкі безендіруге арналған мінсіз сапа). Мәтін, әрбір ұсақ деталь, суреттер мен сандар ешқандай бұлдыраусыз немесе пиксельдерге бөлініп кетпей, айрықша анық, көз тартарлықтай нақты шығуы шарт.

#### **3. Түстердің берілуі (Түс үйлесімі)**

Қанық, жарқын әрі тұнық түстер. Түстердің нұсқаулық макетке толықтай сәйкес келуі үшін принтер жоғары дәлдікпен реттелуі (калибрленуі) тиіс (түстердің күңгірт тартып, кірлеуіне немесе өңсізденіп, ағарып кетуіне жол берілмейді).

Соңғы өңдеу қабаты

Беткі қабаты күңгірт (матовый) болады. Тақтайшалар мектеп шамдарының жарығынан шағылыспауы тиіс, бұл мәтіннің кез келген бұрыштан еш қиындықсыз, жеңіл оқылуын қамтамасыз етеді.

#### **4. Қабырғаға бекіту және монтаждауға дайындық**

Тақтайшалар білім беру мекемесінің қабырғаларына орнатылатындықтан, олардың бекітілуі, ең алдымен, барынша қауіпсіз болуы шарт (балалардың оңай жұлып алуына немесе жарақаттанып қалуына жол бермеу үшін). Сонымен қатар, бұл әдіс қабырғаның көркін бұзбауы тиіс.

Бекіту үшін жоғары деңгейде сенімді ұстайтын екі жақты көбікті жабысқақ таспа (скотч) қолданылады.

Баспахана тапсырысты дайын күйінде тапсырмас бұрын, әрбір тақтайшаның артқы бетіне осы көбікті скотч жолақтарын өздігінен жабыстырып дайындауы тиіс.

Тақтайша бұрыштарының қайырылып, қабырғадан ажырап кетпеуін қамтамасыз ету үшін, оның жиектері бойымен кем дегенде 2 тік жолақ және дәл ортасынан 1 жолақ (немесе бүкіл периметрі бойынша) тартылуы қажет.

**Әкімшілікке арналған жадынама (орнату жұмыстары үшін):**

Тақтайшаны қабырғаға жабыстырмас бұрын, оның бетін шаң-тозаңнан мұқият тазартып, майсыздандыру (спиртті майлықпен сүртіп шығу) міндетті шарт болып табылады.

Егер қабырға беті кедір-бұдыр (бедерлі) болса немесе әктеліп, тегіс емес бояумен қапталса, жабысқақ скотч тақтайшаның салмағын көтере алмай, ажырап кетуі мүмкін.

Ондай жағдайда, баспаханаға тапсырыс беру барысында тақтайшаның бұрыштарынан 2–4 тесік бұрғылатуды қоса сұраған жөн. Бұл өнімді шағын да ұқыпты бұрандамалармен (саморездермен) немесе тартымды сәндік қашықтық ұстағыштармен бекітуге мүмкіндік береді.

**Файлға қойылатын жалпы талаптар**

Дизайн макеті векторлық форматта (PDF, CDR немесе AI) ұсынылуы тиіс, мұндағы барлық қаріптер (шрифттер) қисық сызықтарға (кривые) көшіріліп, түс үлгісі CMYK форматына келтірілуі шарт.

Дайын бұйымдар ылғалды тазалау жұмыстарына (соның ішінде жеңіл дезинфекциялық ерітінділердің әсеріне) барынша төзімді және ультракүлгін сәулелеріне мығым болуы (күн көзіне қақталып, өңінің қашып, оңып кетпеуі) тиіс.

Государственное учреждение «Отдел образования и культуры администрации Акимата города Алматы»

## ВВЕДЕНИЕ

Возможность быть услышанным, принятым, защищенным, получать поддержку и помощь – неотъемлемое и законное право каждого ребенка. Это не подлежит обсуждению, так как является фундаментом, на котором строится здоровое общество.

К сожалению, зачастую между декларируемыми правами и реальными жизненными ситуациями возникают барьеры: ребенок просто не знает, куда и к кому обратиться, или опасается быть непонятым (или неправильно понятым) и отвергнутым.

Чтобы коренным образом изменить сложившуюся ситуацию и преодолеть барьеры между ребенком и обществом, создан Контакт-центр по вопросам семьи, защиты прав женщин и детей – 111. Короткий, легко запоминающийся номер. Работающая в режиме 24/7 телефонная линия. Умеющие слушать и слышать люди.

В данном сборнике собраны все разработанные дизайн-макеты информационных настенных табличек Контакт-центра 111.

**Таблички предназначены для размещения** в организациях общего среднего, технического профессионального и послесреднего образования в доступных и наиболее посещаемых зонах:

- входных зонах, холлах – 2 таблицы А3 формата;
- коридорах – 7 таблиц А4 формата;
- актовых залах – 1 таблица А3 формата;
- рядом со столовыми и библиотеками – по 1 таблице А4 формата;
- спортивных залах – 1 таблица А3 формата;
- туалетах – 1 таблица А4 формата;
- раздевалках – 1 таблица А4 формата;
- везде, где обучающиеся проводят большую часть своего учебного дня.

**Крайне важно размещать таблички** в зонах, свободных от обзора камер видеонаблюдения, чтобы каждый ребенок чувствовал себя в полной безопасности, зная, что его обращение останется абсолютно конфиденциальным, а сам момент звонка или отправки сообщения не попадет в объективы камер.

Это места, где, увидев яркое пятно на стене, человек обязательно остановится, чтобы прочитать короткую надпись: «Позвони! Напиши! Ты не один! Люди рядом!» и поймет: «Мне обязательно помогут...»

Эти таблички имеют важнейшую задачу – сделать информацию о помощи видной, доступной и понятной, без скрытых смыслов и пугающих образов. Только тогда ребенок, чувствующий себя одиноким, не понимающим, что происходит вокруг него, и как с этим справиться в одиночку, не останется один на один со своей проблемой. Это может быть ребенок, которому

плохо в семье, в школе, во дворе дома, или он стал свидетелем насилия. Ему не нужно искать того, кто может помочь. Он просто увидит номер. Просто наведет камеру телефона на QR-код и через мгновение попадет на страницу, где с ним поговорят и объяснят, как получить помощь.

В разработанных табличках предельно насыщенные цвета, четкие крупные шрифты, понятные символы. Все это сделано для того, чтобы каждая табличка была видна издали, непроизвольно привлекала внимание, задерживая на себе взгляды проходящих детей и взрослых. Она должна оказывать такое визуальное воздействие, чтобы отвлечь человека от его мыслей и заставить обратить внимание на текст. Таблички могут сыграть решающую роль даже в случайный, мимолетный момент.

## **КАК ОЖИВИТЬ ЭТИ ТАБЛИЧКИ ДЛЯ ДЕТЕЙ? РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ ПЕДАГОГОВ**

Сама по себе табличка на школьной стене – это всего лишь первый шаг. Чтобы она по-настоящему заработала, ребенку необходима поддержка педагогов.

**Вот несколько рекомендаций, как помочь детям сделать этот шаг без страха и оглядки.**

**1. Объясните, что звонить – это безопасно и конфиденциально.**

Дети часто молчат, потому что боятся: «Вдруг меня не поймут?».

Скажите им: «Все, что вы скажете специалисту по телефону или в чате, – это строгий секрет. Никто не придет ругать вас или ваших родителей. Этот звонок – не жалоба, это просто способ защитить себя, когда тяжело».

**2. Коротко расскажите о Службе 111.**

Дети должны понимать, кто на другом конце провода. Расскажите о «Службе 111» в Казахстане как о надежном друге, который поможет найти выход из любой, даже самой запутанной, ситуации.

**3. Проведите «тест-драйв» QR-кода прямо с установленной таблички.**

Не ограничивайтесь словами – покажите, как это работает на практике. Дети лучше запоминают действия. Когда они увидят, как это просто, барьер неизвестности и страха исчезнет.

**4. Нормализуйте обращение за помощью.**

Учите детей тому, что просить о помощи – это не слабость, а проявление смелости.

Говорите обучающимся: «Если вам плохо дома, если вас обижают в школе или во дворе, или если вы просто запутались



и чувствуете себя одиноко – вы не должны справляться с этим в одиночку. Взрослые создали эту службу специально для того, чтобы вы были в безопасности. Писать и звонить туда можно смело и в любой момент».

**Ваша задача – стать для ребенка мостиком к этой помощи.**

Сделайте так, чтобы номер 111 и этот QR-код ассоциировались у них не с проблемами, а с безопасностью, поддержкой и облегчением.

В сборнике представлены несколько вариантов макетов: прямоугольные таблички формата А4 с ровным краем и версии с фигурной вырезкой, которые привлекают еще больше внимания за счет своей необычной формы. Каждый макет возможен для печати на оргстекле с применением УФ-технологии, печати на картоне и пластике, что обеспечивает стойкость к выгоранию, сохранение яркости красок и долгий срок службы даже в условиях плотного ежедневного школьного трафика. Предусмотрена возможность настенного монтажа табличек, для которого имеется вся необходимая крепежная фурнитура.

Данный сборник представляет собой рабочий инструмент для дизайнеров, работников типографий, занимающихся печатью и тиражированием макетов, специалистов, организующих размещение табличек в учебных заведениях, и для всех, кто так или иначе причастен к этой большой, важной и нужной работе. В нем собрано все самое необходимое – от финальных макетов до полиграфических материалов и печатно-технических характеристик готовой продукции.

Каждый ребенок должен знать, куда и к кому он может обратиться за помощью в сложной ситуации. И остановка возле яркой таблички на стене школьного коридора – тот самый первый шаг, который он должен сделать, чтобы получить поддержку и обрести безопасность, спокойствие и уверенность в том, что все будет хорошо...

## ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ДЛЯ ИЗГОТОВЛЕНИЯ ТАБЛИЧЕК

### Информационные таблички на оргстекле

#### Информационные таблички на оргстекле: формат А4/А3.

Подложка: оргстекло.

Материал: акриловое оргстекло (ПММА / литьевой акрил).

Толщина: 3 мм (стандарт) / 5 мм (усиленный вариант).

Тип поверхности: прозрачный, белый молочный или цветной акрил.

Обработка краев

Фрезеровка + полировка торцов до зеркала.

Рекомендуется литьевой (cast) акрил: он не желтеет, более устойчив к царапинам и лучше переносит лазерную резку по сравнению с экструзионным.

Печать – цвет и качество

УФ-печать прямо на акриле (UV flatbed) или интерьерная печать на самоклеящейся пленке с последующей ламинацией и наклейкой на акрил.

Цветность: 4+0 (CMYK) для многоцветных изображений; допускается расширение белилами (White ink) для непрозрачного слоя на прозрачном акриле.

Разрешение печати: минимум 720 dpi, рекомендуется 1440 dpi для текста и мелких элементов.

Разрешение макета (файл): 300 dpi в масштабе 1:1 (210 × 297 мм).

Цветовой профиль: CMYK, профиль ISO Coated v2 (ECI) или Fogra39.

Яркость и насыщенность: яркие, насыщенные цвета при УФ-печати, белый подслой (white underbase) обязателен для непрозрачного белого фона: без него цвета будут просвечивать.

Защитный слой: УФ-лак поверх печати (матовый или глянцевый) – защита от истирания и УФ-выгорания.

Вылет (bleed): 3 мм со всех сторон; для вырезных форм – 2 мм вылет за контур реза.

Формат файла для передачи: PDF/X-4 или AI (Illustrator); шрифты в кривых; изображения встроены.

Варианты исполнения

Без вырезки: прямоугольник А4.

Прямые края: 210×297 мм, фрезерованные торцы. Подходит для стандартных настенных табличек, расписаний, схем.

С вырезкой – фигурный контур

Лазерная или фрезерная вырезка по векторному контуру (любая форма: скругленные углы, фигурный силуэт, стрелка, логотип). Минимальный радиус скругления 3 мм.

### ИЗГОТОВЛЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТАБЛИЧЕК QR «111» НА ПЛОТНОМ КАРТОНЕ / БУМАГЕ

| Параметр  | Требование                                                                        |
|-----------|-----------------------------------------------------------------------------------|
| Материал  | Переплетный картон (толщина 1.5–2.0 мм) или плотная бумага 300 гр.                |
| Печать    | Полноцветная (4+0), качественная лазерная или офсетная печать.                    |
| Облицовка | Мелованная бумага (150–170 г/м <sup>2</sup> ) с накаткой на картон (каширование). |
| Покрытие  | Матовая или глянцевая ламинация (защищает от пыли и выцветания).                  |
| Формат    | A4 (210×297 мм) или A3 (297×420 мм) – на выбор, уточнить при заказе.              |
| Углы      | Прямые или со скруглением (рекомендуется скругление 5 мм для долговечности).      |

#### Инструкция по креплению к стене

Так как таблички выполнены из плотного картона/бумаги, они легкие. Используйте один из следующих способов.

Двусторонний вспененный скотч (рекомендуется).

Наклеить 4 полоски по углам и 1 в центре с обратной стороны.

Надежно держится на краске, дереве и пластике.

Канцелярские липучки (Blu-Tack).

Разомнуть кусочки мастики и приклеить по углам.

Не портит стены и позволяет легко перевесить табличку.

Дистанционные держатели (для премиального вида).

Сделать отверстия по углам, закрепить на декоративные саморезы.

Важно: перед наклеиванием на скотч обязательно протереть место на стене от пыли для лучшей адгезии.

## ИЗГОТОВЛЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТАБЛИЧЕК QR «П» НА ПЛАСТИКЕ

### Информационные таблички настенные

Целевое назначение информационных табличек – получение максимально яркого, четкого изображения с высокой стойкостью к истиранию (антивандальное исполнение для детского учреждения) и безопасным креплением.

#### 1. Основа и материал

Вспененный ПВХ (пластик).

Толщина пластика 3 мм или 5 мм (оптимальный вариант для интерьерных табличек, они невесомые, но не гнутся и выглядят презентабельно).

Прямой чистый рез (очень важно без зазубрин и сколов). Край белый, ровный, гладкий.

#### 2. Способ нанесения и качество печати

Технология. Прямая УФ-печать (UV-печать) непосредственно по пластику.

Разрешение печати не менее 1440 dpi (интерьерное качество). Текст, все детали, рисунки и цифры должны быть абсолютно четкими, без размытия и «разреза» на пиксели.

Цветопередача. Яркие, насыщенные, плотные цвета. Принтер должен быть откалиброван, чтобы цвета соответствовали макету (без ухода в грязные или бледные оттенки).

Финишное покрытие матовое. Таблички не должны бликовать от школьного освещения – текст должен легко читаться под любым углом.

#### 3. Крепление к стене и монтажная подготовка

Поскольку таблички размещаются на стенах организации образования, крепление должно быть в первую очередь безопасным (чтобы дети не могли легко сорвать или пораниться) и не портить стены.

Тип крепления: двусторонняя клейкая лента (вспененный скотч) повышенной фиксации.

Типография, перед выдачей заказа, должна самостоятельно нанести полосы вспененного скотча на обратную сторону каждой таблички.

Схема нанесения скотча. Минимум 2 вертикальные полосы по краям и 1 полоса по центру (или по всему периметру), чтобы исключить отхождение углов.

#### Памятка для администрации (для монтажа)

Перед приклеиванием таблички на стену поверхность стены нужно обязательно очистить от пыли и обезжирить (протереть спиртовой салфеткой). Если стены рельефные или покрыты побелкой/шероховатой краской, скотч может не удерживать табличку.

В таком случае в типографии нужно дополнительно заказать сверление 2–4 отверстий по углам под аккуратные саморезы или декоративные дистанционные держатели.

#### **4. Общие требования к файлу**

Макет предоставляется в векторном формате (PDF, CDR или AI), шрифты переведены в кривые, цветовая модель CMYK.

Готовые изделия должны быть устойчивы к влажной уборке (в том числе с легкими дезинфицирующими растворами) и действию ультрафиолетовых лучей (не выгорать на солнце).

Государственное учреждение «Отдел образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области» | Тушина О.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН  
ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ  
СЛУЖБА ЗАЩИТЫ ПРАВ ДЕТЕЙ

111

БІЗГЕ ЖАЗ,  
БІЗГЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛ  
БІЗ САҒАН КӨМЕКТЕСЕМІЗ!



24/7

НАПИШИ НАМ, ПОЗВОНИ НАМ,  
МЫ ТЕБЕ ПОМОЖЕМ!

Государственное учреждение «Отдел образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области» Душина О.А.